Күміс атомдарының беттік миграциясы (12) теңдеуде ескерілетін минималды беттік энергияға ие катализатор бетінің өзгерісіне ұшырау қажет. (13) және (14) бағыттар газ фазасында (C₂H₄O₂[·]) пероксид


беткі өзгерістерді ескеретін этиленнің тотығуының жаңа схемасы ұсынылды:

радикалының гомогенді ауысуының жорамал бағыттары болып келеді.

Этиленнің катализикалық тотығу процесінің экономикалық жағынан шығымын көтеру үшін төмен температурада күміс супероксидін, ал одан кейін этилен пероксидін C₂H₄O₂ түзетін катализатор шығару; себебі, тек қана этилен пероксидінен ғана этилен оксиді түзіледі.

Этиленнің тотығу механизмін толық зерттелді деп айтуда болмайды. Қарапайым өзгерістер толығымен зерттелмеген, аралық заттар құрамы белгісіз және процестің түзілетін заттармен қандай принцип бойынша тоқтайтыны да беймәлім.

Әдебиеттерде этиленнің этилен оксидіне дейін тотығудың механизмі мен кинетикасы зерттелген. Этилен оксидінің түзілу селективтілігі 45% аспайды делінген. Этилен толығымен күміс катализаторында адсорбцияланбайды, тек қана тотықкан беттің белгінде ғана сінеді. Күміс контакті этиленнің тотығуын келесі схема бойынша қарастыруға болады:



Мұндағы * - адсорбциялық орталық, k – адсорбциялық тепе-тендік контактісі.


Этилен мен оттегінің Ag^+ адсорбциясы кезінде аралық өнімдер (I_n) концентрациясы келесі тепе – тендік бойынша анықталды:

$$I_n = \frac{k_1 [\text{C}_2\text{H}_4 \text{ (адс)}] [\text{O}_2 \text{ (адс)}]}{k_1 + k_3} \quad (15)$$

Этиленнен оксидтің түзілуінің бастапқы жылдамдығы мынаған тән

$$r_0 = \frac{k_1 k_2}{k_2 k_3} [\text{C}_2\text{H}_4 \text{ (адс)}]_0 [\text{O}_2 \text{ (адс)}]_0 \quad (16)$$

Күміс катализаторында этиленнің тотығуын сатылай қарастыра отырып, күміс ионында адсорбцияланған O_2^- - күйіндегі теріс зарядталған оттегі адсорбцияланған этиленнің он зарядталған комплексімен әрекеттеседі.



Басқа олефиндер секілді этиленнің аллильді сутегі атомы жоқ. Адсорбция кезінде беткі аралық бөлшектер он зарядталған. Осыған байланысты этиленнің O_2^- -мен әрекеттесуі оңайырақ.

Көптеген ғалымдар еңбектерінде күміс негізіндегі этиленді тотықтыру катализаторының ішінде ең тиімдісі күміс катализаторы болып табылады. Этиленді күміс катализаторында тұра тотықтыру арқылы алғанда, олефиннің 20% жану өнімдеріне айналды. Зерттеу барысында құрамында натрий және хлор заттары бар қосындыны күміс

катализаторының селективтілігі мен активтілігіне әсерін байқау мақсатында бөле және бірге қоса отырып қолданылды. Қосынды ретінде натрий нитриті, аммоний хлориді жәненатрий хлоридін пайдаланды. Аммоний хлориді қосылып дайындалған катализатор селективтіліктің жогарлауын көрсеткен жоқ. Натрий нитриті қосылған катализатор салыстырмалы түрде үлкен өзгеріс көрсеткен жоқ. Натрий хлориді қосылған катализатордың активтілігі төмендесе де, жоғары селективтілік (85-87%) көрсетті. Бұл эффект бір үақытта натрий нитриті мен аммоний

хлоридін натрий хлоридіне қосқанда алынған нәтиже. Жеке дара тәжірибелер көрсеткендегі аталған катализатор этилен оксидінің жануы кезінде белсенділік танытпайды. Көрсеткіштерге сүйене отыра, этиленнің эпоксидирлеу және жану реакциялары бір мезгілде жүретіні аныкталды. Натрий нитриті немесе аммоний хлоридінің күміске 0,5 : 1 қатынасында дайындалған

катализатор активтілігі өте төмен. Ал натрий хлоридінің дезактивтендіру әсеріне мән бермеуге болады және ол эквивалентті қатынасқа тәуелді емес [7].


Өндірісте этилен оксиді түзілуінің көптеген жолдарының ішінде қазіргі уақытта тек екеуін ғана қолданады.

Келесідей негізгі реакциялар өтетін этиленхлоргидриннен алады:

а) сулы ортада этилен мен хлордан этиленхлоргидриннің түзілуі



б) сілтілермен әрекеттесе отыра, этиленхлоргидриннің этилен оксидіне айналуы



Эксперименттік бөлім. Зерттеуді жүргізу үшін алдымен тұйық қондырығы, кейін ашық жүйелі қондырығы қолданылды. Тұйық жүйелі қондырығы катализаторды зерттеуге дайындау үшін, яғни катализаторды оттегімен қанықтыру үшін қажет болды. Реакция өнімдерінің бірі жылдам полимеризацияланатын формальдегид болғандықтан, ал полимерлі өнімдер катализаторды уландыратындықтан жұмыста газ бойынша ағынды қондырығы қолданылды. Бірақ, формальдегид ұшқыш зат болғандықтан реакция аймағынан реакцияга түсетін газ ағынмен жеңіл алып тасталынады.

Қондырығының екеуінің де негізгі бөлігі реакция барысында катализатордың потенциалын өлшеуге, сонымен қатар катализатор бетіндегі әсер ететін заттардың концентрациялар қатыныстары түралы мәлімет алуға мүмкіндік беретін термостатты үрекше болып табылады. Қоғтеген зерттеулерге негізделе отырып, этиленнің күмісте тотығуының бірден келісетін толық

механизмі жоқ екендігіне көз жеткізуғе болады. Ортақ пікір ретінде этилен оксиді мен көмір қышқыл газының бір мезгілде түзілуін есептейді. Бұл процесс гетерогенді және гомогенді жағдайда жүреді. Соған сәйкес параллельді түзілетін көмірқышқыл газының түзілуін катализатордың химиялық табиғатын бағыттай отыра және гомогенді процесс жүру мүмкіндігін жою арқылы тежеуге болады.

Процесті газ фазасында жүргізу жоғары энергетикалық шығындарды қажет етеді. Соған қоса, этилен оксидін алу барысында қолданылатын күміс катализаторлары баға жағынан қымбат келеді [8-10].

Көмірсутектердің толық тотығуының механизмі жөнінде келесідей пікірлер қалыптасқан:

- газ фазасында көмірсутектердің гетерогенді тотығуының гетерогенді - гомогенді механизмі қолданылады;
- алкилолефиндер жағдайында π - аллильді механизм қарастырылған;
- гетерогенді газ фазалы тотығудың


параллельді-тізбектей жүруі анықталған;
- қышқыл газының пайда болуы
реакция өнімдерінің толық тотығуы деп
каратырылады.

298°K температурада еріткіш ретінде су пайдаланғанда этилен мен оттегінің 4:1 қатынасында палладий қарасында тотыгуының кинетикалық және потенциометрлік қысқарты төмендегі 1-суретте көрсетілген. Суреттен көргендей, реакцияға сінген газдар көлемі оларды беру жылдамдығы артканда төмендейді.


1-кестеде тотығудың негізгі өнімдер шығымы туралы мағлұмат көрсетілген. Кестеде көрінгендей, реакцияға түсептің барлық заттардың беру жылдамдығының зерттүрлі мәндерінде мақсатты өнім этилен оксиді болыптыбылады және оның максималды шығымы $68 \cdot 10^{-4}$ моль/тең. Көмірқышыл газының да шығымы жоғары $89 \cdot 10^{-4}$ моль.

Көрсетілген көрсеткіштерге сайрақтың өткізу үшін реакция өнімдері мен бастапқы заттардың арасындағы баланс қалыпты. 2-кестеде процестің селективтілігі саналған. Сол арқылы этиленнің сұйық фазада палладийде тотығуының келесідей схемасын жорамалдауға мүмкіндік берді:


1. Этиленнің этилен оксидіне дейінгі тотығуы




2. Этилен оксидінің ацетальдегидке изомерленуі



3. Ацетальдегидтің сірке қышқылына тотығуы



Соған қоса бұл реакцияларға параллель этиленнің көмірқышқыл газы мен суга дейін толық тотығуы да жүреді:



Қисықтардың атаулары:



Газ қоспасының берілу жылдамдығы:
 $1 - 5; 2 - 15; 3 - 30; 4 - 45 \text{ саf}^{-1}$.

Сурет 1. Этилен мен оттегінің 4:1 қатынасында тотығуыдың кинетикалық және потенциометрлік кисықтар

Кесте 1 – Этиленнің судағы $0,2 \cdot 10^{-3}$ кг/тотығу өнімдерінің талдау қорытыншылдары

Тәжірибе жағдайлары:



Газ қоспасының жіберу жылдам- дығы, сағ ⁻¹	Реакцияга түсken газ қоспасы мөлшері, моль·10 ⁻⁴										Реакция- ласқан шикізат мөлшері, моль·10 ⁻⁴	Реакция- ласпаған шикізат мөлшері, моль·10 ⁻⁴	Кон- версия- лану дерек- есі, %	
	C ₂ H ₄	O ₂		CH ₃ COH	CH ₃ COOH	H ₂ O	CO ₂	C ₂ H ₄	O ₂	C ₂ H ₄	O ₂			
5	156	201	68	23	22	155	89	156	201	1584	245	16		
15	121	205	34	23	13	144	112	121	205	1585	241	15		
30	116	197	30	21	13	120	129	116	197	1670	249	14		
45	67	179	14	-	-	116	116	67	179	1719	267	11		



Арнайы зерттеулерде анықталғандай этилен оксиді мен ацетальдегид көмір қышқыл газына дейін тотықпайды. 6 кестеден көргеніміздей, этилен оксиді бойынша селективтілік реакцияға түсетін заттардың беру жылдамдығының төменгі көрсеткішінде максималды

44 % мәнге ие. Беру жылдамдығын арттырғанда процестің селективтілігі 19 % төмендейді.

Кесте 2 – Этиленнің суда тотықуының талғамдылығы

Тәжірибе жағдайлары:

25⁰C, C₂H₄: O₂ = 4 : 1

Газ қоспасының жіберу жылдам- дығы, сағ ⁻¹	C ₂ H ₄ реакцияға кеткен мөлшері, моль·10 ⁻⁴		түзугекеткен мөлшері моль·10 ⁻⁴		шығымы моль·10 ⁻⁴	Талғамдылық, S, %
5	156		68		68	44
15	121		34		34	28
30	116		30		30	26
45	67		13		14	19

Корытынды. Түзілетін этилен оксиді ұзақ уақыт катализатормен әрекеттесіп, ацетальдегидке дейін изомерленуіне әкеледі және реакция шығымы төмендейді. Бұл процестің талғамдылығын жоғарлатудың бірден - бір жолы – ерітіндін таңдау. Бұл жағдайда аз да болсын этилен оксиді шығымын жоғарлатуға болады.

Сулы ацетатты ерітінділерде катализатор ретінде палладийді таңдау алсақ палладий бетінде берік байланысқан атомарлы оттегі болады. Егер этилен оксиді этиленнің атомарлы оттегімен әрекеттесуі нәтижесінде түзілсе, онда реакция шығымы мен талғамдылығы артады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ройтер В.А. Каталитические свойства веществ. – Киев: Наукова Думка. - 1968. - Т.1. – 640-1286 б.
2. Ройтер В.А. Каталитические свойства веществ. – Киев: Наукова Думка. - 1975. - Т.2. – 141-902 б.
3. Ройтер В.А. Каталитические свойства веществ. – Киев: Наукова Думка. - 1975. - Т.2. – 2-679 б.
4. Ройтер В.А. Каталитические свойства веществ. – Киев: Наукова Думка. - 1976. - Т.3. – 316-961 б.
5. Ройтер В.А. Каталитические свойства веществ. – Киев: Наукова Думка. - 1977. - Т.4. – 194-204 б.
6. Зимаков П.В. Окись этилена. – М: Химия.- 1967. -320 б.
7. Покровский В.А. Каталитическое окисление этилена // Успехи химии. – 1956. – Т.25, В.12. –1446 б.
8. Gognion J.M., Kervenna I.J. Усовершенствованный катализатор процесса получения окиси этилена. Экспресс-информация. Промышленный органический синтез. - 1980. - № 28. - 20-22 б.
8. Боресков Г.К., Хасин А.В. Взаимодействие этилена с кислородом, адсорбированным на серебре: реакционная способность адсорбированных атомов кислорода и модифицирующее действие продуктов реакции // Докл. АН СССР. - 1990. - Т.274, № 2. –348-352 б.
9. Розловский А.И. Научные основы техники взрывобезопасности при работе с горючими газами и парами. –М.:Химия. - 1972. -349 б.
10. Темкин М.И., Кулькова Н.В. О природе медленной сорбции газов твердыми телами. Докл. АН СССР. – 1955. - Т.105. - 1021-1023 б.

ӘОЖ 66.0:66.098

Babasheva K. K., Turebaeva P.D.

(Kazakh Technological and Business University, Astana, Kazakhstan
Karligash_49@mail.ru, pana90@mail.ru)

RECEIVING AND RESEARCH OF POLYMERS ON THE BASIS A WASTAGE OF COKE- CHEMICAL PRODUCTION

Abstract. This article describes the preparation and study of polymers of the reaction of copolymerization of maleic anhydride with CIF. The mechanism of the copolymerization reaction and the factors affecting the reaction — the concentration of initial monomers, the types of initiators, solvents, the effect of temperature – have been studied. The mass of copolymers obtained as a result of linear and heterogeneous polymerization was determined.

Key words: indene-coumarone tars, properties, waste, synthetic tars, syntheses compounds, study, a molecular mass , monomer, polymers.

Бабашева Қ.Қ., Туребаева П.Д.

(Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазахстан,
Karligash_49@mail.ru, pana90@mail.ru)

КОКС –ХИМИЯ ӨНДІРІСІ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫң НЕГІЗІНДЕ ПОЛИМЕРЛЕРДІ АЛУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

Түйіндеме. Осы мақалада малеин ангидридпен КИФ-дің сополимерлеу реакциямен полимерлерді алуы және зерттеуі қарастырылған. Сополимерлеу реакциясының механизмі және реакцияға әсер ететін әр түрлі факторлары - бастапқы мономерлер концентрациясы, бастамашылар түрлері, еріткіштер, температураның әсері зерттелген. Тізбекті және гетерогенді полимерлеу нәтижесінде алған сополимерлердің молекулалық массасы анықталған.

Кілт сөздері. Инден – кумаронды шайырлар, қасиеттері, молекулалық массасы, мономер, полимер, еріткіштер, тұтқырлық.

Кіріспе. Бастапқы кезде инден-кумаронды шайырга қызығушылық артты, себебі олар әлдеқайда қымбат синтетикалық полимердің баламасы болып табылады және оларға шикізат базасы ретінде тас көмірдің қайта өнделген өнімдері қолданылды. Бұл шайырлар пластификациялаушы қасиеттердің жогарылығы, химиялық беріктігі мен суға төзімділігі, сонымен

қатар салыстырмалы түрде арзандығы лак және бояу жасау өнеркісібінде табысты қолданыла бастады. Олар басқа да бағалы қасиеттерге ие: жабысқақтық және байланыстыру-шылық қабілетінің жогарлы, электр өткізгіштігі мен жылу өткізгіштігінің төмендігі, жылуға төзімділігі және құрғатылған майлармен бірлесу қабілеттілігі. Оларды алуға арналған негізгі шикізат коксохимия

өнімдері, сонымен қатар мұнайды ыдыратудағы жанама өнімдерді қолдану болып табылады [1-3]. Малеинді ангидриджәнепероксидкозгаушысының қатысуымен КИФ (кумарон инден фракциясы) құрамындағы қанықпаған байланыстардың сополимерленуі шайырды алу процесінің температурасын төмендетуге мүмкіндік береді, олардың негізінде алынған өнімдерді қолдану мүмкіндігін көнектеді.

Өзекті әдебиеттер бойынша шолу.

Винильді және диенді қосылыстарды полимерлену тізбекті реакцияның ерекше түрі болып табылады, мономерлердің молекулаларынан молекулалық тізбектің түзілуімен жүзеге асырылатын кинетикалық тізбектің өсүі болып табылатын ерекшелікпен сипатталады [4-6]. Тізбекті полимерлену үшін мономер молекулаларының жанама өнімдердің бөлінуінсіз бір-біріне тез арада жалғасуы тән.

Зерттеу нәтижесінде малеин ангидридпен КИФ-дің сополимерлеу реакциямен полимерлерді алу және зерттеу. Сополимерлеу реакциясының механизмін және реакцияға әр түрлі факторлардың - бастапқы мономерлер концентрациясы, бастамашылар турлери, еріткіштер, температураларын әсерін зерттеу. Алынған өнімдердің молекулалық салмағын анықтау.


Зерттеу материалдары мен әдістері. Сополимердің жинақталу жылдамдығын зерттеуді диоксан ерітіндісінде кешен түзгіштің (I және II қоспа) қатысуымен және қатысуының жүргізілді. Мономерлердің 3 моль/л және безоил пероксидінің 0,03 моль/л жалпы концентрациясы бар бастапқы мономерлі қоспаның құрамы кесте 1-де көрсетілген.

Кесте 1 – Реакциялық қоспаның құрамы

Компонент	Масса, г		60°C болғандағы компоненттердің көлемі, мл	
	I қоспа	II қоспа	I қоспа	II қоспа
1	2	3	4	5
ИФ, соның ішінде Инден	3,68947 3,13605	3,74780 3,18563	3,860 3,147	3,921 3,196
БП	0,07300	0,08145	0,055	0,061
МА	0,29430	0,29845	0,224	0,227
1,4-диоксан	6,02425	6,05335	6,097	6,127
Тетрабутоксититан	-	0,02160	-	-
Барлығы	10,08102	10,20265	10,236	10,336
Соның ішінде инден+МА	3,43035	3,48408	3,371	3,423

Реакциялық қоспаны калибрленген дилатометрге құйылды және сополимерлену процесі барысындағы көлемнің өзгеруін қадағаланды. Дилатометрдегі қоспаның көлемі калибрленген шамаға V_0 сәйкес 9,1765 және 9,0815 мл құрайды. Реакциялық қоспадағы мономер көлемінен 1 және 2 тәжірибе (I және II қоспа) үшін табамыз. I және II қоспа үшін сополимердің шығуы сәйкесінше 18,16 және 16,26 мас. % құрады. Осы шамалардың және соған сәйкес 2,524 және 2,407 тең мәндердің $\Delta V/V_{E\tilde{N}\tilde{O}} \times 100\%$ негізінде $\Delta V/V_{E\tilde{N}\tilde{O}} \times 100\%$ және S қатынасында к контракция коэффициентінің шамасын табамыз.

I қоспаның полимерленуі барысында алынған нәтижелерге сәйкес конверсияның 10 мас. % шамасына дейін 5,7 %/сағ жылдамдықпен ағып шығады, содан соң біраз төмендеп, 10-нан 18 мас. %-а дейінгі кесіп алу барысында 3,2 %/сағ жылдамдықты құрайды (сурет 1).



Сурет 1. 60 0C-та I қоспаны полимерлену үшін 1,4-диоксанда полимердің жинақталуының (S) уақытқа тәуелділігі

ИФ және МА-тің сол қатынастағы мөлшерімен ерітіндінің және гетерогенділіктің ықпалын анықтау үшін толуол және диоксан ерітіндісінде полимерленуі жүргізілді.

Алынған өнімдердің сипаттамалық тұтқырылығы анықталды. Малеин ангидридпен инден сополимерінің ерітіндісінің тұтқырылығы хлороформда, ацетонда және ТГФ-та өлшенді. Анықтау нәтижелері 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Ацетонда және ТГФ-та малеин ангидридімен инден сополимерінің тұтқырылығын анықтау мәліметтері. Сополимерлену шарты: $[БП] = 2$ мас. %, толуолда 80 °C (СПЛ 2)

Ерітінді	Сұйық-тық көлемі, мл	Ерітінді конценциясы, г/дл	Ағып шығу уақыты, с	η салыстырмалы	η меншікті	η менш/C., дL/г
Ацетон	8	0,7798	96,09	1,107	0,107	0,137
	10	0,6238	95,28	1,097	0,097	0,155
	13	0,4798	93,32	1,075	0,075	0,156
	17	0,3669	91,85	1,058	0,058	0,158
Тетрагидрофуран	8	0,8006	132,57	1,152	0,152	0,190
	10	0,6405	127,87	1,111	0,111	0,173
	13	0,4927	126,29	1,097	0,097	0,197
	17	0,3768	123,21	1,070	0,070	0,186

Алыған полимерлердің молекулалық массасы және сипаттамалық тұтқырлығының мәліметтері 3 кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Алынған сополимерлердің молекулалық массасы және сипаттамалық тұтқырлығын анықтау мәліметтері

Үлгі	Полимерленген қоспа	Ерітінді	[η], дл/г	Молекулалық масса
СПЛ 5	I (дил.)	ТГФ	0,145	-
		ДМСО	0,08	18600
СПЛ 2	II (дил.)	ДМСО	0,084	19700
СПЛ 6	Г (ампула 1)	ДМСО	0,0084	1310
СПЛ 7	Г (ампула 3)	ДМСО	0,004	8230
СПЛ 8	III (ампула 4)	ДМСО	0,002	3640
СПЛ 10	IV (ампула 7)	ДМСО	0,04	8230
СПЛ 11	IV (ампула 8)	ДМСО	0,035	7030

Зерттеу натижелерін талдау.

Толуолда алынған сополимерлердің үлгілерінің сипаттамалық тұтқырлығы мен молекулалық массасының мәні жақын, ДМСО-да алынған сополимерлердің үлгілерінің мәндеріне қараганда 2-4 есе тәмен. Полимерленуді толуолда жүргізу молекулалық массасы 10000 аспайтын үлгілерді алуға болады. Конверсияның өсуімен, мысалы үлгілерге арналған сипаттамалық тұтқырлық пен молекулалық массаның арту үрдісін айтып өтүге болады.

Толуол ерітіндісінде гетерогенді полимерленуді жүргізу барысында процестің жылдамдығы бастапқы кезеңдерде 1,1 %/сағ құрайды, яғни бұл ДО ерітіндісіне қараганда 4-5 есе тәмен. Содан соң процесс біраз баяулайды, бірақ конверсия 13 % жеткенде оның жылдамдығы тез артады, сондықтан 22 сағатта шамамен бірдей шығуға – ДО-да 24,8 %-ке жетеді.

Гетерогенді сополимерленуге арналған S – t тәуелділігіне байланысты

бастапқы кезінде сополимерлену ерітінді көлемінде өтеді, ал содан соң шөгінді бөліктерінде, фазалардың бөліну шекарасында және көлемде жалғасады, бұл процестің жылдамдығының дереу жоғарылауына алып келеді. Температуралық 80-нен 100°C-қа сатылық көтерілуі жағдайында процесті жүргізу сол күрамдағы реакциялық қоспаны толуолда 80°C-та және 90°C-та 3 сағат үстәу 24,6 % өнім алуға мүмкіндік береді және 100°C-та 3 сағат бойы қосымша үстәу кезінде үлгаймайды.

Осылайша, температуралық 90 - 100°C-қа дейін жоғарылауы процестің жүру уақытының 3-4 есе қыскаруына алып келеді, ал шығудың артуына алып келмейді. Алайда, сол температуралық тәртіпте МА-н КИФ-ң сополимерленуі ампулада шөгіндінің аз мөлшерінің пайда болуымен гомогенді процесс ретінде өтеді. Сондай-ак, КИФ негізіндегі реакциялық қоспадан 80 - 90°C температурада 6 сағатта 26,0 % және 100°C температурага дейін

қосымша қыздыру барысында 32,2 % өнім шығару мүмкіндігі болды. КИФ үшін қыздыру барысында шығудың жоғарылауы гомогенді сополимерленуге қабілетті компоненттердің, мысалы стиролдың болуымен байланысты болуы мүмкін. МА-ң қатысуымен ИФ-ң полимерленуінен алынған өнімдер үшін олардың сипаттамалық тұтқырлығы анықталды. МА-н инденнің сополимері ТГФ-та ерітіндігі белгілі. Сонымен қатар, алынған үлгілердің хлороформда, ацетонда және ДМСО-дағы ерігіштігін тексердік. Хлороформда мундай полимерлердің ерітетіндігі анықталды ($C=0,055$ г/дл). Сонымен қатар, су қосылған хлороформдағы ерітінді үшін ұменш шамасы ұлғаяды. Сызықтықтан ауытқушылық, әдетте, 0,1 г/дл тәмен болатын кейбір «сыни концентрациядан» бастап пайда болатын тәуелділіктер сипатталды. Сыни тұтқырлықтың ауытқушылығы макромолекулалық шумақтың өлшемімен және пішінімен, мысалы полиэлектролиттер үшін байланысты болуы мүмкін [7-10]. Алайда олар капиллярдың

қабыргаларында полимердің адсорбциясымен, сонымен қатар ағып шығу уақытының дәлсіздігімен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Қорытынды. 1. 60 – 100°C температурада малеинді ангидриден инденнің полимерленуі радикалды механизм бойынша жүзеге асады. Полимерлену жылдамдығы малеин ангидридтің санына, температурасына және еріткішке тәуелді болады. ДО ерітіндісінде 60°C температурада инден: МА қатынасы 90:10 болған жағдайда реакция жылдамдығы 5,7 % /сағ құрайды;

2. Толуол ортасында полимерлену жылдамдығы артып отыратын гетерогенді процесс ретінде жүзеге асады;

3. ДО ерітіндісінде сополимерлену процесі барысында алынған МА-н инден сополимерінің молекулалық массасы шамамен 20000 құрайды, ал толуол ортасында гетерогенді сополимерлену үшін молекулалық массасы 2000 – 8000 болатын үлгілер алынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Соколов В.З. Инден-кумароновые смолы. М.: Металлургия, 1978. – С. 216 с.
2. Багдасарьян Х.С. Теория радикальной полимеризации. М.: Наука, 1966. – С. 299
3. Багдасарьян Х.С., Боровикова В.А./Журн. физ. химии. 1961. -Т. 35. – С. 2306
4. Kennedy J.P., Kelen T., TudosF. Analysis of the Linear Methods for Determining Copolymerization Reactivity Ratios//J. Polym. Sci.: Polym. Chem. Ed. 1975.V. 13. P. 2277.
5. Ерусалимский Б.А. Ионная полимеризация полярных мономеров. – Л.: Наука, 1970 – С 288.
6. И. Михалева, Э.И. Бродская и др//Химия гетероцикл. соед.- 1989.–№10.- С.1420
7. Рзаев З.М. Полимеры и сополимеры малеинового ангидрида. – Баку:Элм, 1984.- С. 160
8. Кучевская А.С. и др. Динамика микроструктуры сополимеров малеинового ангидрида//Известия Томского политехнического университета, 2011.- Т. 318, №3.- С. 121-126.
9. Патент 16936 Республики Беларусь. Способ получения сополимеров стирола

с малеиновым ангидридом методом контролируемой радикальной полимеризации // Шиман Д.И., Костюк С.В., Гапоник Л.В., Лесняк В.П., Капуцкий Ф.Н.// Опубл. 28.02.2013.

10. Iwatsuki S., Iton T., Shimizu M., Ishikawa S. Reactivity of an Alternating Copolymerization: Terpolymerization among Two Donor Monomers and a Common Acceptor Monomer // Macromolecules.— 1983.- V. 16, №9.- P. 1407.

УДК 544.188

Yerkassov R.Sh., Alibekov Zh.A.

(L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan erkass@mail.ru)

KVANTO-CHEMICAL CHARACTERISTICS OF COORDINATION COMPOUNDS OF MANGANESE BROMIDE WITH PROTONED ACETAMIDE

Abstract. In this article using HyperChem 8.0.10. such quat-chemical characteristics as electronic, energy and geometric parameters of the coordination compound of manganese bromides with protonated acetamide obtained by semi-primary method were determined

Key words: manganese bromide, acetamide, protonated acetamide, coordination compounds

Еркасов Р.Ш., Әлібеков Ж.Ә(Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан, erkass@mail.ru)

МАРГАНЕЦ БРОМИДІНІҢ ПРОТОНДАЛҒАН АЦЕТАМИДПЕН КООРДИНАЦИЯЛЫҚ ҚОСЫЛЫСТАРЫНЫң КВАНТТЫҚ -ХИМИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Аннотация. Осы мақалада Hyper Chem 8.0.10 бағдарламасы пайдаланылады. Жартылай эмпирикалдық әдіспен алынған протондалған ацетамидпен марганец бромидтерінің үйлестіру құрамының электронды, энергетикалық және геометриялық параметрлері сияқты кванттық - химиялық сипаттамалары анықталды.

Түйінді сөздер: марганец бромиді, ацетамид, протондалған ацетамид, үйлестірілген қосылыштар

Кіріспе. Химия және химиялық технология-ның келешектегі бағыттарының бірі – химияның органикалық лигандалармен координациялық қосылыштар болып табылады. Курделі кешенді қосылыштар алуына мүмкіндік беретіндіктен бұл маңызды болып табылады. Мысалы, өзінің құрамында заттың донорлы атомдары (әсіресе, ацетамид, карбамид, тиокарбамид, никотинамид) әртүрлі металлдардың иондарымен координациялық қосылышы түзілуге қабілетті. Барлық осындай

топтар металл табигаты мен кешендер құрамы синтездің шартына байланысты координацияның көптүрлі тәсілдерін көрсетеді [1,2]

Жұмыстың мақсаты: Бір уақытта органикалық лигандалардың, ацетамид мысалында бейорганикалық қышқылдармен және олардың тұздарымен әрекеттесуін, сонымен қатар өзінің құрамында бірнеше биологиялық белсенді құрамдардан: ацетамид, биометалл тұзы марганецтің және бейорганикалық қышқылдан

тұратын әртүрлі лигандалы кешенді қосылыстардың жаңа класын алуды зерттеуді қөздейтін химиядағы жаңа бағыт болып табылады. Алға қойған міндеттерді жүзеге асыруүшін жаңа заттардың түзілу заңдылықтарын, олардың құрамын құрылышын және физика – химиялық сипаттамаларын анықтау зерттеуіміздің маңсаты болды.

Биологиялық және практикалық аспекттілермен қатар бұларға деген қызығушылықтың себебі, олардың құрылышы, химиялық және физикалық қасиеттері түрғысынан іргелі зерттеулер үшін олар жақсы, тиімді нысандар болып табылады. Магний гидрохлоридінің ацетамид протонымен координациялық қосылысының молекулаларының ылғал тартқыштығына байланысты ренттентті құрылымды талдау жүргізу

үшін олардың монокристалын алу емес, жұмысты алғаш рет Hyper Chem 8.0.10. бағдарламасы көмегімен әртүрлі магний гидрохлоридінің ацетамид протонымен қосылыстарының электрондық, энергетикалық және геометриялық параметрлерінің кванттық - химиялық есептеулері жүргізілді [3,4].

Тәжірибелік бөлім. Модельді нысан ретінде марганец бромидінің протондалған ацетамидті кешендері алынды: $\text{MnBr}_2 \cdot \text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$, $\text{MnBr}_2 \cdot \text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{H}_2\text{O} \cdot \text{HBr}$, $\text{MnBr}_2 \cdot 2\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$, $\text{MnBr}_2 \cdot 3\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$, $\text{MnBr}_2 \cdot 4\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$.

Зерттелген қосылыстардың электрондық және энергетикалық сипаттамаларының кванттық-химиялық есептеу нәтижелері 1-5 кестелерде көрсетілген.

Кесте 1 – Марганец бромидінің протондалған моноацетамидтік кешендерінің электронды және энергетикалық сипаттамалары

Параметрі	Қосылыстар		
	$\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$	$\text{MnBr}_2 \cdot \text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{H}_2\text{O} \cdot \text{HBr}$ (N арқылы)	$\text{MnBr}_2 \cdot \text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{H}_2\text{O} \cdot \text{HBr}$ (O арқылы)
- E _{жалпы} , эВ	1139,994	2463,307	2561,509
$\Delta fH_{обр}$, кДж/ моль	244,304	714,711	541,200
ПИ, эВ	10	4,9	5,8
μ , D	7,51	9,72	7,33
qO, з.ө.б.	-0,262	-0,022 -0,106	0,136 0,021
qN, з.ө.б.	0,366	0,742	0,532
q C, з.ө.б.	0,202 -0,166	0,125 -0,138	-0,059 -0,220
q Mn, з.ө.б..	-	-0,926	-0,768
q Br, з.ө.б.	-0,730	-0,224 -0,322 -0,222	-0,754 0,036 0,058

Кесте 2 – Марганец бромидінің протондалған монаацетамиодті кешендерінің электронды және энергетикалық сипаттамалары (сусыз)

Параметрі	Қосылыстар		
	$\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$	$\text{MnBr}_2 \cdot \text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ (N арқылы)	$\text{MnBr}_2 \cdot \text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ (O арқылы)
- $E_{\text{жапты}}$, эВ	1139,994	2253,680	2252,425
$\Delta fH_{\text{обр}}$, кДж/моль	244,304	487,310	366,142
ПИ, эВ	10	9,8	9,8
μ , D	7,51	9,32	7,79
q_{O} , з.ө.б.	-0,262	-0,118	0,021
q_{N} , з.ө.б.	0,366	0,789	0,091
q_{C} , з.ө.б.	0,202 -0,166	0,108 -0,170	0,192 -0,140
q_{Mn} , з.ө.б.	-	-0,809	-0,716
q_{Br} , з.ө.б.	-0,730	-0,254 -0,068 -0,132	-0,299 -0,092 0,043

Кесте 3 - Марганец бромидінің протондалған диацетамиодті кешендерінің электронды және энергетикалық сипаттамалары

Параметрі	Қосылыстар		
	$\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$	$\text{MnBr}_2 \cdot 2\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ (N арқылы)	$\text{MnBr}_2 \cdot 2\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ (O арқылы)
- $E_{\text{жапты}}$, эВ	1139,994	3010,668	3012,074
$\Delta fH_{\text{обр}}$, кДж/ моль	244,304	864,205	999,850
ПИ, эВ	10	4,1	4,1
μ , D	7,51	8,02	5,40
q_{O} , з.ө.б.	-0,262	-0,216 -0,058	0,047 -0,096
q_{N} , з.ө.б.	0,366	0,737 0,946	0,745 0,658

q C, з.ө.б.	0,202 -0,166	-0,152 0,182 -0,300 -0,050	-0,047 -0,105 -0,250 -0,033
q Mn, з.ө.б.	-	-1,050	-0,679
q Br, з.ө.б.	-0,730	-0,413 0,056 -0,317	-0,405 -0,207 -0,178

Кесте 4 - Марганец бромидінің протондалған триацетамиодтік кешендерінің электронды және энергетикалық сипаттамасы

Параметрі	Қосылыстар		
	$\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$	$\text{MnBr}_2 \cdot 3\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ (N арқылы)	$\text{MnBr}_2 \cdot 3\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ (O арқылы)
- E _{жалпы} , эВ	1139,994	3785,817	3782,467
$\Delta fH_{\text{обр}}$, кДж/моль	244,304	1415,824	1190,850
ПИ, эВ	10	4,2	4,9
μ , D	7,51	4,67	8,13
q O, з.ө.б.	-0,262	-0,282 -0,176 -0,270	-0,043 -0,100 0,006
q N, з.ө.б.	0,366	0,952 0,625 0,666	0,146 0,378 0,558
q C, з.ө.б.	0,202 -0,166	-0,160 0,184 -0,078 -0,260 0,240 -0,148	-0,126 0,217 -0,103 0,088 -0,109 0,016
q Mn, з.ө.б.	-	-0,991	-0,667
q Br, з.ө.б.	-0,730	-0,552 -0,298 -0,555	-0,487 -0,824 -0,308

Кесте 5 – Марганец бромидінің протондалған тетраацетамиодтік кешендерінің электронды және энергетикалық сипаттамалары

Параметрі	Қосылыстар		
	$\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$	$\text{MnBr}_2 \cdot 4\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ (N арқылы)	$\text{MnBr}_2 \cdot 4\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ (O арқылы)
- $E_{\text{жапы}}$, эВ	1139,994	4553,214	4552,204
$\Delta fH_{\text{обр}}$, кДж/моль	244,304	1513,980	1318,445
ПИ, эВ	10	3,5	4,46
μ , D	7,51	8,41	8,05
q O, з.ө.б.	-0,262	-0,331 -0,220 -0,260 -0,402	-0,230 -0,188 -0,067 -0,060
q N, з.ө.б.	0,366	0,403 0,727 0,409 0,504	0,065 0,226 0,596 0,038
q C, з.ө.б.	0,202 -0,166	-0,137 0,190 -0,162 0,187 -0,164 0,200 -0,023 -0,107	-0,132 0,213 -0,123 0,180 -0,334 -0,038 -0,130 0,229
q Mn, з.ө.б.	-	-1,065	-0,619
q Br, з.ө.б.	-0,730	-0,479 -0,341 -0,727	-0,355 -0,257 -0,821

1-5 кестеде ацетамидтің молекуласы марганец атомына оттегі және азот атомы арқылы координацияланған, бұл ацетамидтің екі топ бойынша да амид тобын протондау мүмкіндігіне байланысты.

Молекулалардың электрондық құрылышын сипаттайтын параметрлердің бірі атомдардағы (q) тиімді заряд болып табылады. q тиімді зарядтары анықтаудың тұра және практикалық ыңғайлышы әдісі болмағандықтан, қын-

анықталатын шамалар категориясына жатады. Заряд сипаттамалар қолданылған есептік кванттық - химиялық әдісі PM3 Маликен әдісі бойынша алынған [5].

Ацетамидтің марганец катионымен координациясы, сонымен қатар карбонильді оттегі атомы бойынша ацетамид молекуласының протондалуы ацетамид (C, N, O) молекуласының атомының және осы молекуланың кешенді қосылыстарының электронды

сипаттамаларының өзгеруіне алып келеді. Ацетамидтің карбонильді оттегінің атомы бойынша протондау үдерісі берілген қосылыстарда барлық атомдар тиімді зарядтарының (q) елеулі өзгерісіне әкеледі. Тіпті бір ғана бромсүтек қышқылының бір ғана молекуласының қосылуы зерттелетін модельдің электрондық сипатамасын яғни иондану потенциалы мен диполь моменттерін есауір өзгерtedі [6,7].

Қорытынды. Берілген жұмыста зерттелген қосылыстардың электронды үлестірімінің талдауы карбонильді топтың оттегі атомдар негұрлым толық тиімді теріс зарядтың шоғырлануын көрсетті.

Ацетамид молекуласының марганец атомына оттегі атомы арқылы координациялану кезінде карбонильді топтың оттегі атомдарының бірінде -0,230 з.ө.б.-нә тән $\text{MnBr}_2 \cdot 4\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$, ал $\text{MnBr}_2 \cdot 3\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ молекуласының оттегі атомында -0,043 заряд бірлігіне тән және ең аз көрсеткішті көрсеткен [8].

Координациялау азот атомы арқылы жүзеге асқанда зарядтың теріс мағынасының ең жоғарғы мәні, мысалы, $\text{MnBr}_2 \cdot 4\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ молекуласында оттегі атомында заряд бірлігі -0,402 тән, ал $\text{MnBr}_2 \cdot \text{CONH}_2 \cdot \text{H}_2\text{O} \cdot \text{Br}$ молекуласындағы оттегі атомында -0,022 заряд бірлігіне тән және ең аз мәнге тән.

Әртүрлі құрамдағы 1:1:1:1 (бромид: ацетамид: су: бромсүтек қышқылы), 1:1:1, 1:2:1, 1:3:1, 1:4:1 (бромид: ацетамид: бромсүтек қышқылы) протондалған қосылымдардың ПИ мәні көрсеткендей, $\text{MnBr}_2 \cdot 4\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ - молекуласында ең кіші мән = 3,5 әВ (N атомы арқылы), ал ең жоғарғы мән $\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr} = 10$ әВ тән.


Квантты химиялық қәдіспен зерттелген протондалған модельдер үшін дипольді

моменттердің шамаларын зерттеу нәтижесі $\text{MnBr}_2 \cdot 3\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ (N атом арқылы) молекуласының электрлі дипольды моментінің онша үлкен емес 4,67 ә шамасын көрсетті.


Салыстырылатын амидтердің модельдеріндегі дипольды моменттердің мәндеріндегі айырмашылық түзілетін протондалған қосылыстардың электронды табиғатымен және стерикалық факторлармен байланыстырылғында [9, 10].

Зерттелінген түрдің протондалған формалардың тұрақтылығы қатарда абсолютті шамасы бойынша өседі:

- N атомы арқылы координациялау:



- O атомы арқылы координациялау:



Сонымен протондау қосылыстың тұрақтылығының артуына алып келеді, $\text{MnBr}_2 \cdot 4\text{CH}_3\text{CONH}_2 \cdot \text{HBr}$ (N атомы арқылы координациялау) кешені айрықша тұрақты болып табылады [10].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Еркасов Р.Ш., Несмиянова Р.М., Оразбаева Р.С., Колпек А., Абдуллина Г.Г., Кусепова Л.А., Масакбаева С.Р. Взаимодействие в системе бромид марганца-карбамид-бромоводородная кислота-вода при 25°C // Вестник ЕНУ им. Л.Н.Гумилева. 2014. – №4(101). – С. 370-376
2. Тим Кларк. Компьютерная химия. Практическое руководство по расчетам структуры и энергии молекулы, 1990 г. – 385 с.
3. Берсукер И.Б. Электронное строение и свойства координационных соединений. – Л.: Химия, 1976 г. – 352 с.
4. <https://elibrary.ru>
5. <http://avtoreferats.com>
6. Гельман Г.Г. Квантовая химия. – Издательство:Бином. Лаборатория знаний, 2011г. – 527 с.
7. В.И. Барановский. Квантовая механика и квантовая химия. Уч. Пособие, 2008 г. – 382 с.
8. Картмелл, Фоулс. Валентность и строение молекул –1979 г. – 360 с.
9. Еркасов Р.Ш., Несмиянова Р.М., Оразбаева Р.С., Колпек А., Абдуллина Г.Г., Кусепова Л.А., Масакбаева С.Р. Растворимость в системе MnI₂ –CO(NH₂)₂ – HІ -H₂O при 25°C // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. 2014. - №4(101) - С.351-357
10. Еркасов Р.Ш., Жапаргазинова К.Х., Тугамбаева Т.Б., Масакбаева С.Р., Е.Н. Таутова, Рыскалиева Р.Г. Квантово – химическая оценка геометрического строения протонированных ацетамидных комплексов кобальта // Вестник ПГУ. Сер. Химико-биологическая, 2009. – № 3. – С.12-20

УДК 691.175.743

K.M. Abdiyev, S.S. Iskendirova

(Kazakh university technology and business, Astana, Kazakhstan
ken4o_93@mail.ru)

PLASTISOL TECHNOLOGY FOR THE TEXTILE INDUSTRY

Abstract. In this article, the technology of plastisol production for the textile industry was investigated. The relevance of plastisol for the chemical industry of Kazakhstan and the demand for it was also investigated.

Key words: Polyvinyl chloride, plasticizer, dioctyl phthalate, flotation agent T-92, talc, stabilizer, pigment, plastisol, destruction, gelatinization

К.М. Әбдиев, С.С. Искендирова

(Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан
ken4o_93@mail.ru)

ТІГІН ӨНЕРКӘСІБІНЕ АРНАЛҒАН ПЛАСТИ-ЗОЛЬ АЛУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аннотация. Бұл мақалада қолғап өндірісінде қолданылатын пласти-золь алудың экономикалық тиімді технологиясы көрсетілген. Жалпы Қазақстанның химия кешені үшін пласти-золь өндірудің маңызыдылығына және Республикадағы пластизольге деген сұранысқа талдау жасалды.

Кілт сөздері. Поливинилхлорид, пластификатор, диоктилфталат, флотореагент оксаль Т-92, тальк, тұрақтандырыш, пигмент, пласти-золь, деструкция, желатинизация

Кіріспе. Жұмыстың өзектілігі: Қазіргі кезде өнеркәсіптің кез-келген саласы полимерлер негізінде матреиалдарды тұтынады. Полимерлік материалдар технологиялық, эксплуатациялық және экономикалық бағытта тиімді болғандықтан оларға деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Әсіресе, жұмыскерлерге арнағы қорғаныс киімін тігумен айналысадын тігін өнеркәсібі үшін де полимерлер негізінде полуфабрикатты шикізаттардың орны ерекше. Сондықтан, Қазақстанның енді дамып келе жатқан өнеркәсібі мен өндірісі үшін

полимерлер негізінде пластизольдерді шығару өте маңызды. [1].

Жұмыстың маңаты: Пласти-золь алу және оны алудың технологиясын зерттеу.

Жұмыстың міндеттері:

- Қазақстан өнеркәсібі мен өндірісі үшін пластизольдерді алудың маңыздылығын ұғыну;
- тігін өнеркәсібінде сұранысын қа-нағаттандыратын пласти-золь алу;
- пласти-золь алу процесінің технологиясын зерттеу.

Зерттеу жұмысының әдістемесі:

- әдебиеттермен танысу, сараптама

жасау, талдау жасау зерттеу әдісі;

- өнеркәсіптік мини-реакторлар кұрастыруға қажетті қондырыларды жинау;

Пласти-золь алудың Қазақстан өндірісі мен өнеркәсібі үшін маңыздылығы.

Астана, Алматы, Қарағанды, Павлодар және Тараз қалаларында көптеген ЖШС-тер жұмыскерлерге арналған арнайы қорғаныс күймдері мен қолғаптарын тігу технологиясын жақсы игеріп, қазіргі таңда отандық және шет елдердің сауда айналымына дайын өнім шығарып отыр. Бұл өндіріс орындарының өнім алу барысындағы тұтынып отырған шикізаттарының барлығы шет (РФ, Қытай) елдерден экспортталады. Қазіргі Қазақстанның химия өндірісі осындай өнеркәсіп орындарын шет ел шикізатына деген тәуелділіктен арылту максаты түр. Әрине, мұндай кешенді тәуелділіктен бірден арылу мүмкін емес, барлық жұмыстар сатылай жасалуы керек. Ең бірінші дәл осы зерттеу объектісі болып отырған пласти-золь сияқты полуфабрикаттарды шығаруды қолға алу керек. Бұл Қазақстанның химия өнеркәсібінің дамуына жасалатын алғашқы қадамдардың бірі болмақ. Әрине, тіпті полуфабрикаттарды шығару барысында да біз шет ел шикізатына тәуелді боламыз. Дегенмен, біз экономикалық тұрғыда пайда табамыз.

Пласти-золь сияқты полуфабрикаттарды шығарудың тиімділігі:

- ішкі сұранысты қамтамассыз (акша Республика ішінде қалады, шикізатқа жұмсалған ақшадан басқасы) етеді;

- еліміздің химия өндірісі саласының дамуына ықпал етеді;

- отандық өндіріс орындарының жұмысына (ел ішінде сату, сатып алу немесе тасымалдау оңай) оң ықпал етеді;

- тұтынуыш өндіріс орындарының басқа қосымша талаптарын (қажетті түсте дайындау, қандай да бір физико-химиялық немесе механикалық қасиеттерін жақсарту, керек мөлшерде алу) жүзеге асыру;

- қосымша жұмыс орындарының ашылуы.

Эксперименттік бөлім. Пласти-золь алудың негізгі шикізаттары.

Алынатын пластизолдің техникалық, эксплуатациялық және басқа да физико-химиялық қасиеттері оны алуға жұмсалған шикізаттардың қасиеттері мен құрылымына тәуелді болғандықтан, шикізат таңдау процесіне мүқтят болу керек. Біздің қолғаптар бір рет пайдаланылатын қорғаныс құралы болғандықтан, бұл пласти-зольге антиприрендер қосу міндетті емес. Алынатын пласти-золь тек қана сапалы болмай, сонымен қатар экономикалық тиімді және барынша экологиялық зиянсыз болуы тиіс.

Поливинилхлоридті таңдау. Біз пласти-золь дайындауга Словакия елінде өндірілген Словенил Е 671 маркалы ақ түсті эмульсиялық дисперсті ұнтақты пайдаландық. Бұл полимер - этилен мен натрий хлоридінен полимеризация реакциясы арқылы алғашкы термопластикалық зат. Бұл ПВХ пласти-золь алуға, лино-леум өндірісінде, жасанды тері алуға, қолғап өнеркәсібінде қолданылады. Сақтау мерзімі: өндірілген күннен бастап 1 жыл. Фасовка: 25 кг қапшық. Словакия CAS: 9002-86-2. Біз таңдау алған ПВХ шайыры жайлы толық мәлімет 1-ші кестеде көрсетілген.[2]

Кесте 1 - Словенил Е 671 техникалық сипатамалары

Көрсеткіштің атауы	Норма	Біздің нәтиже
сепкіш тығыздылығы г/см ³	0,560 – 0,640	0,600
К көрсеткіші	65,5 – 68,5	67
0,063 мм ситодан қалған қалдық %	20-60	25
0,250 мм ситодан қалған қалдық %	0,300	0,004
0,500 мм ситодан қалған қалдық %	0	0
ұшқыш заттардың массалық үлесі %	0,5	0,25
винилхлоридтің массалық үлесі %, кем емес	0,0001	0,0001

Сонымен, 1 - кестеден көріп отырғанымыздай таңдалып алынған Словенил Е 671 маркалы ПВХ шайыры техникалық сипаттамасы бойынша пласти-золь дайындауга сәйкес келеді. Пластизольге қойылатын тағы бір талаптардың бірі оның диспесті жүйесінің біркелкі болуы. Кесте мәліметі бойынша алынып отырған ПВХ шайырының дисперті жүйелерінің өлшемдері біркелкі және құрамында зиянды ұшқыш органикалық заттардың концентрациясы өте аз мөлшерде [3].

Пластификаторды таңдау. Пласти-золь алу үшін пластификтор ретінде органикалық заттардың әр түрлі класстары қолданылады. Алайда өндірісте күрделі (диоктилфталат, диметилфталат, дибутилфталат, дибутилсебацинат, диоктиладипинат, диоктилсебацинат, дизибутилфталат, три (2-этилгексил) фосфат) эфирлері, құрамында фосфоры бар пластификаторлар мен дизэфирлі пластификаторлар кең қолданыс тапқан[3].

Алынатын пластизольдің барлық физико-химиялық қасиеттері дәл осы пластификаторға тәуелді болғандықтан, пластификатор дұрыс таңдалуы туіс.

Жалпы пласти-золь алуға біріншілік және екіншілік пластификаторлар қолданылады. Біз пласти-золь дайындауга пластификатордың 2 түрін қолдан-дық. Олар диоктилфталат және флотореагент оксаль Т-92 маркалы пластификаторлар. ДОФ маркалы пластификаторы 20°C температурада қоймалжың, май тәріздес сұйықтық. Тазалығына байланысты оның жоғарғы, орташа және төменгі сорттары болады. Аталған пластификатордың жоғарғы сорты түссіз, сондықтан оны ашық түсті пластмассаларды алу үшін қолданады. Ал алынған пласти-золь бояғышпен басқа түске өндөлетін болғандықтан бізге пластификатордың түсі маңызды емес. Сол себепті экономикалық тұрғыдан пластизольдің бағасы арзанырақ болу үшін сапасы төмен ДОФ-ты пайдалансақ болады. ДОФ пластификаторы мынадай заттарда жақсы ериді: петролейн эфирі, бензин, хлороформ. Сондықтан бұл пластификатордан алынған пласти-золь негізінде қолғап бензин сиякты органикалық отындар саласында жұмыс жасайтын мамандарға қолдануға жарамайды. ДОФ пластификаторын көбінесе ди – 2 – этил – гексилфталат деп те атайды. Оның

химиялық формуласы $C_6H_4(COOC_8H_{17})_2$. Қайнау темпе-ратурасы 340°C. ДОФ ток-сикалық зат болғанымен ұшы коэффиценті өте аз. Дегенмен оны өте жоғары температура-

ларда қыздыруға болмайды. ДОФ пластификаторының қасиеттері төмендегі 2-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 2 - ДОФ пластификаторының техникалық сипаттамалары

Көрсеткіштің атаяуы	Норма
Платина-кобальтты шкаласы бойынша түсі	40
20 °C температурасындағы тығыздығы г/см ³	0,982-0,986
ДОФ-тың қышқылдық саны, КОН/г	0,07
Ұшқыш заттардың массалық үлесі %	0,01
Тұтану температурасы	205°C
Меншікті электртерістілігі	1.0*10 ¹¹

Біз алып отырған ДОФ барлық физико-химиялық қасиеттері бойынша пласти-золь дайындауға сәкес келеді. Дайын пласти-золь одан әрі термиялық (желатинизация) өндөлетін болғандықтан бізге пластификтор құрамында ұшқыш заттардың болмауы өте маңызды.

2-ші кесте мәліметтеріне сүйенсек ДОФ пластификаторында ұшқыш заттар өте аз және электртерістілігі мәні жақсы. Процестің екінші пластификаторы Флотореагент оксаль Т-92 техникалық сипат-тамалары 3-ші кестеде көрсетілген [4].

Кесте 3 - Флотореагент оксаль Т-92 пластификаторының техникалық сипаттамалары

Көрсеткіштің атаяуы	Норма
Диметилдиоксанның массалық үлесі %	0,2
Эфирлік саны	0,5-4,0
ДОФ-тың қышқылдық саны, КОН/г	1,0-40
Тұтану температурасы	130 °C
20 °C температурасындағы тығыздығы г/см ³	1,00-1,12

Флотореагент оксальдың физико-химиялық қасиеттері нашар. Оның басты себебі химиялық құрамы. Бұл пластификатордың басты кемшілігі тұтану температурасының төмен болуы. Пласти-золь полуфабрикат, ол кейін термиялық өндеуге жіберіледі.

Желатинизация процесінің температурасы 180°C дейін баратын болғандықтан, флотореагент оксальды таза өзін пластификатор ретінде алуға болмайды. Сонымен қатар, бұл пластификатор флотация әдісімен аралық өнімдерден синтезделіп

алынған болған соң оның құрамында қышқылдық қалдықтар концентрациясы көп. Флотореагент оксаль Т-92 пластификаторы диметилдиоксаның (побочный продукт) аралық өнімдерін қайта өндіру нәтижесінде алынады. Флотореагент оксалдың құрамы реттүшіден, жинағыштан және көпіршіктүзуші заттардан тұрады. Бұл пластификатор аралық өнімдерден алынатын болғандықтан оның химиялық құрамы таза болмайды. Құрамында әр түрлі ұшқыш (жоғары температура әсерінен) органикалық заттар болуы мүмкін. Бұл пластификатор физико-химимиялық қасиеттерінен болғанымен бағасы ДОФ-пен салыстырғанда 3 есе арзан. Сондықтан біз Флотореагент оксаль Т-92 пластификаторы мен ДОФ пластификаторын араластырамыз деп шешітік[4].

Толтырғышты таңдау. Бейорганикалық жұқа және орташа дисперсті толтырғыштар ішінен кең тараганы күйе, бор, каолин және табиғи кремний диоксиді. Бор жұқа және орташа дисперсті фракция түрінде полиолефинді

және поливинилхлоридті толтыру үшін кең қолданылады. Бордың кемшілігі – сутартқыштығы және кристалды судың болуы. Алынатын пластизольдің сапасының жақсы болуы оның құрамындағы барлық заттардың дисперстілік көрсеткіштерінің бірдей болуына байланысты. [5]

Бейорганикалық толтырғыштар ретінде біз бор мен талькіт алдық. Себебі бордың бағасы ете арзан және Қазақстанның бірнеше аймағында өндіріледі. Алайда бордың басты кемшілігі оның дымқыл сіңіргіштігі. Егер, тасымалдаушы компаниялар борды жақсы герметикалық жағдайда тасымалдамаса ол су сіңіріп ірі түйіршіктер түзіп қалады. Мұндай жағдайда бор ұнтағын ситодан өткізу қажеттілігі туындайды. Бордың тағы бір кемшілігі нашар боялуы. Егер, бордың орнында органикалық толтырғыштар болар болса, оларды бояуга кеткен бояғыштың мелшері аз болар еді. 4-ши кестеде дисперсті толтырғыштардың техникалық сипаттамалары көрсетілген [5].

Кесте 4 - Диспертсті толтырғыштардың техникалық сипаттамалары

Толтырғыштың атаяуы	Дисперсті бөлшегінің өлшемі, мкм
Жұқа дисперсті	5
Орташа дисперсті	50
Ірі дисперсті	500-ге дейін
Түйіршікті	500-ден артық

Тұрақтандырғышты тандау.

Негізі пластизольге қосылатын тұрақтандырығыштар оның бөлме температурасында бірқалыптылығын сақтау мақсатында және полимерге қосымша физико-химиялық, механикалық қасиеттерін арттыру үшін қосылады. Сонымен қатар термотұрақтылығы

мен деструкцияға ұшырамау үшін де қосады. Қолғап өндірісіндегі пласти- золь еш уақытта қоймада түрмайды. Өйткені, колғапқа пласти-золь жағу процесі автоматтандырылған процесс. Сондықтан, пласти-золь тез шығындалады. Сонымен қатар, бұл қолғаптар бір рет пайдаланылатын

